

**20 000 mAh Redmi  
портативтік аккумуляторы**


Пайдаланушының нұсқаулығы



Пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз және оны алдағы уақытта анықтамалық материал ретінде сақтап қойыңыз.

## Құрылғыға шолу

Тез зарядтайтын функциясы (20 000 мА·сағ.) бар Redmi портативтік аккумуляторын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сыйымдылығы жоғары осы портативтік аккумулятор жоғары сапалы литий-полимерлі аккумуляторлы элементпен, сондай-ақ тамаша қауіпсіздікті, тиімділік пен үйлесімділікті қамтамасыз ететін зарядтайтын және разрядтайтын чиппен жабдықталған.



Заряд деңгейін тексеретін батырма қосу/сөндіру батырмасы болып саналмайды. Портативтік аккумулятор зарядталу мен разрядталу күйін автоматты түрде анықтайды. Цифрлық құрылғы толық зарядталғаннан кейін шамамен екі минуттан соң қуаттау индикаторы өшіп қалады.

Қауіпсіздігі: осы сыртқы аккумулятордың кез келген пайдалану жағдайларында артық зарядталуды немесе разрядталуды, қызып кетуді және қысқа тұйықталуды болдырмайтын қорғаныш құралдары бар.

Тез зарядтау: тез зарядтау режимінде сыртқы аккумулятор 5 В / 2.4 А, 9 В / 2 А кернеуді және USB-A кәбілін пайдаланған кезде 12 В / 1.5 А кернеуді қолдайды.

Бір уақытта бірнеше құрылғыны зарядтау кезіндегі максималды шығыс қуаты — 18 Вт.

Үйлесімділігі: кіріктірілген зияткерлік USB-заряд контроллері көптеген ұялы телефондармен және нарықтағы басқа да құрылғылармен үйлесімді.

Сапасы: жоғары сапалы литий-полимерлі аккумулятор, сондай-ақ қызмет ету мерзімі ұзақ зарядтайтын және разрядтайтын чип.

## Зарядтау

Сыртқы аккумуляторды Type-C/Micro-USB порты арқылы зарядтау үшін қуаттау адаптері мен Мi кәбілін пайдаланыңыз. Зарядтау кезінде индикатор аккумулятор зарядының деңгейін мынадай үлгіде көрсетеді:



Зарядтау деңгейі	LED1	LED2	LED3	LED4
0 %-25 %	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.
25 %-50 %	Қос.	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.
50 %-75 %	Қос.	Қос.	Жыпылықтау	Сөнд.
75 %-99 %	Қос.	Қос.	Қос.	Жыпылықтау
Толық зарядтау	Қос.	Қос.	Қос.	Қос.
Зарядтау қателігі	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау

## Разрядтау

Цифрлық құрылғыларды зарядтау үшін USB-A шығу порттары пайдаланылады.

Разрядтау кезінде индикатор аккумулятор зарядының деңгейін мынадай үлгіде көрсетеді:

Зарядтау деңгейі	LED1	LED2	LED3	LED4
Кернеуді төмендету	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.
0 %-25 %	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.
25 %-50 %	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.
50 %-75 %	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Сөнд.
75 %-100 %	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау

Әлсіз тоқты разряд: егер сыртқы аккумулятор зарядталмайтын болса, әлсіз тоқты разряд режиміне өту үшін заряд деңгейін тексеретін батырманы екі рет басыңыз. Бұл режимді шағын құрылғыларды, мысалы, Bluetooth-гарнитурларды немесе ақылды браслеттерді зарядтау үшін пайдалануға болады. Осы режимді пайдалану кезінде индикаторлар кезекпен жыпылықтайды. Әлсіз тоқты режимнен шығу үшін аккумулятор зарядының деңгейін тексеретін батырманы басыңыз. Екі сағат өткен соң құрылғы автоматты түрде осы режимнен шығады.

## Құрылғының нысаналы мақсаты

Портативтік аккумулятор смартфондарды және басқа да портативтік құрылғыларды зарядтауға арналған.

## Ескерту

Портативтік аккумулятор смартфондарды және басқа да портативтік құрылғыларды зарядтауға арналған.

Құрылғыны тиісінше пайдаланбау аккумулятордың жарамсыздығына, қызып кетуге, өртке немесе жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін. Өз қауіпсіздігіңді және жарақаттану мен мүліктің бүліну тәуекелін барынша азайту үшін төмендегі сақтық шараларын орындаңыз:

- Бұл құрылғы — ойыншық емес. Жазатайым оқиғаларға жол бермеу үшін оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Электр тогының ұруын немесе аккумулятордың зақымдануын болдырмау үшін портативтік аккумуляторға пайдаланылатын зарядтау құрылғысының жергілікті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Сыртқы аккумуляторды қыспаңыз, соғып алмаңыз, қатты дірілдетпеңіз және сұйықтық тамызып алмаңыз. Осы әрекеттердің кез келгені аккумулятордың немесе электр торабының қысқа тұйықталуына немесе зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда портативтік аккумуляторды пайдалануды дереу тоқтатыңыз да, тиісті үлгіде кәдеге жаратыңыз.
- Егер сыртқы аккумулятор ісінген, пішіні өзгерген, ағып-таматын немесе сыйымдылығы едәуір төмендеп кеткен болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз да, тиісті үлгіде кәдеге жаратыңыз.
- Құрылғыны жылу бөлінісі қиын жүретін орындарда, мысалы, шалбардың қалтасында, жабық сөмкеде, керуette немесе диванда зарядтамаңыз және разрядтамаңыз. Құрылғының киіммен, жастықпен, төсек-орын жабдығымен және басқа заттармен жабылып тұрмағандығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны ашып шашпаңыз, сындырмаңыз, теспеңіз және қысқа тұйықтамаңыз. Ылғал тигізбеңіз, отқа, жылу көздеріне, мысалы пештер мен жылытқыштарға жақындатпаңыз.
- +60 °C-тан (140 °F) жоғары температураның әсеріне ұшыратпаңыз.
- Ыстық ауа райында сыртқы аккумуляторды автомобильде немесе күн сәулесі тіке түсетін басқа орындарда қалдырып кетпеңіз.
- Осы сыртқы аккумулятордың құрамында литий-полимерлі аккумулятор бар. Аккумулятордың зақымдануына немесе қауіпсіздікке қауіп төнуге жол бермеу үшін корпусын ашуға қатаң тыйым салынған.

## Сақтық шаралары

- Алғашқы пайдаланар алдында бұйымды міндетті түрде толық зарядтап алыңыз.
- Портативтік аккумуляторды және басқа құрылғыларды зарядтау үшін тиісті желілік адаптер мен USB-кәбілді (Мі сауда маркасындағы бұйым ұсынылады) пайдаланыңыз.
- Бұйымды зарядтау кезінде қараусыз қалдырып кетпеңіз және бөлмеден шығар алдында немесе оны ұзақ уақыт қараусыз қалдырып кетпес бұрын қуат беру көзінен ағытып кетіңіз.
- Зарядтау процесі аяқталғаннан кейін зарядтау кәбілін уақтылы ағытыңыз. Егер батырманы басқаннан кейін қуаттау индикаторы жанбайтын болса, онда құрылғы қауіпсіз режимге ауысуы мүмкін. Жұмысты жалғастыру үшін оны қуат беру көзіне қосып көріңіз.
- Егер сіз бұйымды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, аккумулятор зарядының деңгейін 25 % бен 50 % аралығында ұстаңыз және құрғақ салқын жерде сақтаңыз. Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны толық разрядталған немесе зарядталған күйде ұзақ уақыт сақтамаңыз.

## Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: PB200LZM.

Аккумулятордың типі: литий-полимерлі аккумулятор.

Сыйымдылығы: 74 Вт·сағ., 3.7 В (20 000 мА·сағ.).

Номиналды сыйымдылығы: 12 000 мА·сағ. (5.1 В / 3.6 А).

Жұмыс температурасы: 5 °С-тан 35 °С-қа дейін.

Өлшемдері: 154 × 73.6 × 27.3 мм.

Кіру порттары: Micro-USB, USB Type-C.

Шығу порттары: USB-A.

Кіру параметрлері:

- 5 В – 2.1 А 9 В = 2.1 А 12 В – 1.5 А (ПА-ді Micro-USB / USB Type-C арқылы зарядтау);

Шығу параметрлері:

- 5.1 В = 2.4 А 9 В = 2 А (макс.) 12 В = 1.5 А (макс.) (бір USB-A портын пайдаланған кезде);
- 5.1 В = 3.6 А (екі USB-A портын бір уақытта пайдаланған кезде).

Портативтік аккумулятордың зарядталу уақыты:

- шамамен 7.5 сағ. (9 В / 2 А немесе 12 В / 1.5 А; адаптер мен зарядтау кәбілі жиынтыққа кіреді);
- шамамен 10.6 сағ. (5 В / 2 А; адаптер мен зарядтау кәбілі жиынтыққа кіреді);

## Ұқсатып істелгендерден қорғауға арналған жапсырма

Әрбір Redmi (20 000 мА·сағ., 18 Вт) портативтік аккумуляторы сыртқы қаптамасында ұқсатып істелгендерден қорғауға арналып жапсырылған жапсырмамен жеткізіледі. Өнімнің түпнұсқалығын тексеру үшін жабынын қарап, <http://chaxun.mi.com> сайтына өтіңіз.



Ұқсатып істелгендерден қорғауға арналған жапсырма



Қорғаныш қабаты өшірілген жапсырма

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушыда ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамаға салынып сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығарып әкететін кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жарамсыздығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.



## Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының іркіліссіз жұмыс істейтіндігіне, сондай-ақ материалдар мен құрастырмасында ақаулардың болмайтындығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру әрекеттері кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзыми Корпорэйшн.

A913, Чэнцзян №159 тас жолы, Цзяньинь қ., Цзянсу пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі адресі: [www.mi.com](http://www.mi.com)

Сауда таңбасы: Redmi.

Тауардың өндірілген күні, сондай-ақ кепілдік пен пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

